

2

Құрылыс сапасы
бақылауда

6

Алғашқы
емдеу орындары

Сырбайы

№69 (21144) 13 мамыр, сәрсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboiy.kz
www.instagram.com/syrboiy_kz
t.me/syrboiy_kz
twitter.com/syrboiy

/// ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевты қабылдады.

Президентке өнеркәсіпті дамыту және ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелері жөнінде баяндалды. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде жүргізіліп жатқан негізгі жұмыстар туралы ақпарат берілді. Премьер-министрдің бірінші орынбасары қосылған құны жоғары өнім шығаруды арттыру және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту жоспарына тоқталды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына көлік-логистика инфрақұрылымы мен құрылыс саласын дамыту жайында айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымдық жобалардың сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді, отандық тауар өндірушілерді қолдауды және алдағы жылу беру маусымына дайындық шараларын бақылауды күшейту жөнінде тапсырма берді.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

СУ ЕСЕБІНЕ ЕНЖАРЛЫҚ ЖҮРМЕЙДІ

Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев селекторлық режим арқылы қатысып, көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы баяндады.

Аймақта вегетациялық кезеңге арналған су лимиті 3 млрд 250 млн текше метр болып бекітілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 650 млн текше метрге аз. Осыған байланысты 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған.

2-бет

/// САПАР

БІРЛІК – БЕРЕКЕ ҚАЗЫҒЫ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев алғашқы жұмыс сапарын Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалдық кешенінде ел ағалары, зиялы қауым өкілдері және ардагерлермен кездесуден бастады.

Кездесуге Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев, облыстық мәслихат төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, облыстық, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары қатысты.

Аймақ басшысы ақсақалдардың ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудағы рөліне тоқталып, аға буынның өмірлік тәжірибесі мен ой-пікірлері қашанда маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар, ел ағаларының ұсыныстары мен ақыл-кеңестері әрдайым ескерілетінін жеткізді.

Ардагерлер облыс басшысының алдағы істеріне сәттілік тілеп, алғашқы қадамды жиналыстан емес, киелі орыннан, тағылымды кездесуден бастағанына ризашылық білдірді.

Мұрат Нәлхожаұлы Марал ишан кесенесіне де арнайы барып, ондағы атқарылған жұмыстармен және кәзіргі жағдайымен танысты.

Жосалы кентінен шығысқа қарай 18 шақырым жердегі кесененің толықжаты облыстық бюджет есебінен жаңартылып, қорғау тақтасы орнатылды. Жергілікті маңызы бар микросакралды киелі орындар тізіміне енгізілді. Ал 2018 жылы аудандық бюджет есебінен жаңғыртылып, облыстық бюджет қаржысына 3D форматтағы интерактивті карта әзірленді.

2024 жылы облыстық бюджеттен 252,3 млн теңге бөлініп, 6,5 шақырым «Жалағаш – Жосалы – Марал ишан» автомобиль жолы жөнделді.

«СБ» ақпарат

/// ФОРУМ

«TURGYNDAR AMANATY»: МАҚСАТ – ЖАЙЛЫ ӨМІРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Кеше облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мамандарының қатысуымен «TURGYNDAR AMANATY» партиялық жобасы аясында форум өтті. Онда көптегерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

2-бет

/// АЙТЫС

АЛАМАН ЖЫРДЫҢ АРҚАУЫ – ЖАЛАҢТӨС БАҒАДҮР



Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы – орта ғасырда өмір сүрген қолбасшы, батыр, саясаткер, Самарқанды қырық жыл билеген өмір. Қазақ тарихындағы Кіші жүздің әйгілі Әйтеке биінің атасы.

Жастайынан халық арасында есімі кеңінен танылған ол есейген шағында талай-талай соғысқа қатысып, тарихи шайқастарды басынан өткерді. Жылдар өте келе өзінің жаужүрек батыр, қаһарман қолбасшы екенін танытады. Сол дәуірдегі ең жоғары лауазым – аталық дәрежесіне дейін көтеріліп, ел ішінде баһадүр атанып кетеді.

3-бет

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ӨҢІРДЕГІ ЗАУЫТТАР ӨНІМДІЛІКТІ ҰЛҒАЙТТЫ

Күн жылынғалы жол құрылысында қызу тіршілік басталды. Бір белгілісі, кейінгі жылдары аймақтағы жол инфрақұрылымы қарқынды жүруде. Айталық, 2022-2026 жылдары 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салуға 185,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Кейінгі төрт жылда жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 82-ден 95 пайызға жетті.



Құрылыс артқан соң асфальт-бетон зауыттарындағы жұмыстың тоқтаусыз жүретіні анық. Соған орай, облыстағы барлық кәсіпорын өндіріс көлемін ұлғайтқан. Біз «Жол активтері сапасының ұлттық орталығының» аймақтағы филиал мамандарымен бірге кейбір өндіріс орындарын араладық. Сапар «Сапа керуені» жобасымен ұйымдастырылған еді.

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК облыстық филиалының бөлім басшысы Ержан Усмановтың сөзінше, өңірде 23 асфальт өндіретін зауыт бар. Оның 10-нан астамы облыс орталығының маңында. Маңыздысы, құрылыс маусымы басталмай тұрып, бұл кәсіпорындардың жұмыс қабілеттілігі қадағаланатын көрінеді. Әр кемшілік ұсыныс ретінде орталық тарапынан беріледі, ол түгелденген соң барып зауыт асфальт өндіруді бастайды.

2-бет

Валюта бағамы \$ 461,26 kzt

€ 544,63 kzt

₸ 6,18 kzt

Ауа райы: Сәрсенбі +26° +12°

Бейсенбі +28° +15°

СУ ЕСЕБІНЕ ЕНЖАРЛЫҚ ЖҮРМЕЙДІ

Мемлекет басшысының су үнемдеу тапсырмасына сәйкес, биыл күріш алқабы 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектар болды. Кейінгі төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға немесе 21%-ға азайған. Қажетті 65 600 тонна тыңайтқыштың 97 пайызы сатып алынды. Ауыл шаруашылығы техникалары 100 пайыз дайын. Көктемгі егіске мемлекет тарапынан 10144 тонна арзандатылған дизель отыны бөлініп, кестеге сәйкес жеткізілуде.

— Қысқартылған күріштің орнына суды аз қажет ететін дақылдар, оның ішінде жүгері 15 мың гектарға отырғызылады. Күріш себу 22 сәуір күні басталып, бүгінде 35700 гектары егілді. Маусымның 1-не дейін аяқталады. Көктемгі дала жұмыстары қарқынды жүргізілуде, тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілген, — деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

— Шаруашылықтарды вегетациялық кезеңде суармалы сумен қамтамасыз ету ерекше бақылауда болуы тиіс. Су лимитінің магистральді және шаруашылықаралық каналдармен егіске алынуына, ауыспалы егіс тәртібінің сақталуына тұрақты мониторинг ұйымдастырыңыздар.

Аймаққа келген су көлемін бақылауда ұстап, есебін қатаң жүргізу, вегетация кезеңінде су шаруашылығы нысандарының, насостардың үздіксіз жұмыс істеуін қадағалау керек.

Аз қамтылған азаматтарды жұмысқа тарту арқылы әлеуметтік тәуелділікті азайту, мүгедектігі бар және көпбалалы отбасыларды



корғау бағытындағы жұмыстарды күшейту маңызды.

Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру, дәрімен қамту және материалдық-техникалық базаны жақсарту арқылы медициналық көмекті қолжетімді ету керек, — деді аймақ басшысы.

Бұдан бөлек, өңірдегі құрылыс нысандарының сапасын қадағалау, жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, тозан электр және жылу желілерін азайту, газбен қамту көрсеткішін арттыру тапсырылды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептердің үлесін ұлғайту жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ БАҚЫЛАУДА



Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Қызылорда қаласында құрылыс қарқын алған әлеуметтік нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Аймақ басшысы алдымен 20,5 млрд теңгеге салынып жатқан «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылыс алаңына барды. Жалпы аумағы 26 мың шаршы метр болатын кешенде 50 метрлік жүзу бассейні, Әлем, Азия ойындары секілді халықаралық жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған.

Нысанның қасбеті заманауи архитектуралық үлгіде болады, витражды төзімді әйнекпен қапалады. Пайдалануға берілгеннен кейін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге бейімделеді. Нысанды осы жылдың тамыз айында іске қосу жоспарланған.

Одан кейін облыс әкімі сол жағалаудағы 600 пәтерлік 5 және 9 қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысымен танысты. Жобаға 11 млрд 364 млн теңге қаралған, 33 мың шаршы метр заманауи тұрғын



«TURGYNDAR AMANATY»: МАҚСАТ – ЖАЙЛЫ ӨМІРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлерін ыстық сумен қамту жобасы жүзеге асырылып, бүгінде тұрғындар оның игілігін көруде.

Тұрғын үй қорын жаңарту тұрақты бақылауымызда. Үш жылда 3 млрд 500 млн теңгеге 65 көппәтерлі тұрғын үй күрделі жөндеуден өтті. Қызылорда қаласында 1 млрд 775 млн теңгеге 60 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельмен қапталды, 4 млрд теңгеге қосымша 70 тұрғын үй жаңартылуда. Ауаларға демеушілер есебінен 80 спорт, ойын алаңы орнатылды.

1-бет

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында елді мекендерді абаттандыру, қоршаған ортаны таза ұстау, көгалдандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ауқымды шаралар ұйымдастырылып келеді. Мақсат – тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау.

Форум аясында көтерілген бастамалар еліміздегі және Сыр өңіріндегі тұрғын үй саласының дамуына оң серпін береді деп сенемін. Баршаның аманатты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! — деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Басқосуда Ержан Жұматұлы, Мархабат Жайымбетұлы, Құрылыс және тұрғын үй-

үй кешенінде 8 ойын және воркаут алаңы, 3 демалыс аймағы орналасады.

Бүгінде денсаулық сақтау саласында тың жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып, халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Соның бірі – бір ауысымда 100 келушіге қызмет көрсететін емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысы. Заманауи талаптарға сай нысан диагностиканың және емдеудің озық технологияларымен жабдықталып, халықаралық стандарттар негізінде қызмет көрсетеді. «Мелиоратор» ЖШС салып жатқан, құрылысына 36 млрд 416 млн теңге бөлінген кешеннің аумағы 57 мың шаршы метр, 10 блоктан тұрады. Атап айтқанда, емхана, пансионат, конференция залы, асхана, физиотерапия, қабылдау, әкімшілік, реанимация, химиотерапия және радиотерапия, операциялық бөлімдер қамтылған.

Сонымен қатар облыс әкімі Титов шағын ауданында салынып жатқан, бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын емханадағы жұмыс барысын көрді. Құрылысқа 9 млрд 823 млн теңге қаралған, аумағы 9 мың шаршы метр болатын заманауи емханада балалар мен ересектерге арналған емдеу-профилактикалық бөлімшелер, функционалдық диагностика және стоматология кабинеттері қарастырылған. Нысанды осы жылы халық игілігіне беру жоспарланған.

«СБ» ақпарат

ӨҢІРДЕГІ ЗАУЫТТАР ӨНІМДІЛІКТІ ҰЛҒАЙТТЫ

— Зауыттың барлығы асфальтты дайындамас бұрын біздің орталық зертханасына әр шикізатты ұсынады. Құрамын жеке-жеке тексеріп, сараптамадан өткізіп, әрқайсысының стандартқа сай не сай емесін зерттеп, анықтамасын береміз. Содан соң барып, олар өз зауыттарында көрсетілген құрам бойынша асфальт өндіре бастайды. Екіншіден, жергілікті не республикалық жолдар салынып жатқанда не салынып біткен соң оның тығыздығын тексереміз. Өрине, мұның барлығы жол салуға тапсырыс беруші мемлекеттік мекемелердің ұсынысы негізінде жүзеге асады, — дейді ол.

Бөлім басшысының айтуынша, бұрынғыдай емес, қазір жол салу ісінде сапа артып келеді. Мердігер мекемелер барынша қателікке жол бермеуге тырысады. Жол дұрыс салынбаса, тапсырыс беруші сотқа жүгініп, құрылыстағы кемшілік дереу қайта қалпына келтіріліп жатқан көрінеді. Мұндай оқиғалар көбіне-көп аудан орталықтарында болып тұрады.

— Одан бөлек, «Қызылорда-Жезқазған» бағыты бойынша біздің аймаққа тиесілі жол құрылысының сапасында кемшілік болмай қалған жоқ. Бірақ оның барлығын орталық тарапынан зерттеп, анықтап бердік. Былтыр жыл соңына дейін ақаулардың барлығы жойылды. Биыл жыл басынан бері біздің филиал қызметкерлері барлық статустағы 46 жол нысанына барып, 133 рет тексеріс жүргізді. Айта кетейін, біз ағымдағы жөндеу емес, орташа, күрделі жөндеу және қайта жаңғырту сияқты жол құрылыстары-

ның сапасын қадағалаймыз, — деді бөлім басшысы.

Ал жергілікті халық «УАД» деп атап кеткен, облыстағы ірі жол құрылыстарын жүргізетін «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС өкілінің сөзінше, зауыттан шығатын асфальт өзге жол салушы компанияларға сатылмайды. Бір күнде 3 мың тоннаға дейін жол құрылысына қажетті басты өнімді шығаратын кәсіпорында 30 адам еңбек етіп келеді.

— Жаңақорған ауданында асфальтқа ең қажетті зат – қиыршық тасты дайындайтын екі зауыт орналасқан. Онда асфальт жабындысына және жолдың ең астыңғы қабатына төсейтін қиыршық тасты өз өлшем түрлеріне қарай дайындайды. Мысалы, 5/20, 20/40



Ашық дереккөзінен

1-бет

автоматты қондырғылар арқылы сапаны арттыратын түрлі химикат қосады. Демек, асфальт тек ыстық күйде жолға төселеді. Нормативтік талапқа сай өзінің белгілі температурасы бар. Зауыттан 160-155 градуспен шыққан өнім жол салатын аумаққа кемі 150 градуста жетуі тиіс. Зауыт бұған дейін қыс бойы шикізатын жинап, үлкен қор дайындап үлгерген. Қазір кәсіпорынан шыққан ыстық асфальтты жүк көліктері лезде құрылыс аумағына әкеліп жатыр.

Асфальт жабындысының барлық түрін дайындайтын кәсіпорын өз мамандарын арнайы Қытайда оқытқан. Барлығы да – кәсіби маман. Өрі мұндағы орташа жалақы 300 мың теңгеден асады.

Ал «Қыран» ЖШС-на қарасты асфальт жабындысын өндіретін зауыт басшысы Руслан Жүргеновтің айтуынша, өздерінде барлық құрылысқа қажетті шикізаттың 10 мың тоннадан асатын қоры бар. Қазір зауытта 20 адам тұрақты жұмыс істеп жүр.

— Жаңақорған және қала орталығында зауытымыз орналасқан. Бірі – украиндық, екіншісі корейлік технологиямен жұмыс істейді. Алдағы уақытта сағатына 240 тонналық зауытты орнатамыз. Оның қондырғыларын тасымалдау басталып кетті. Жалпы біздің компания жол салып қана қоймай, қажетті құрылыс заттарын өзі дайындайды. Облыс қана емес, өңіраралық жолдарды салуда да бәсі жоғары. Қазір күніне 1500 тоннаға дейін асфальтты сұранысқа қарай жіберіп отырмыз, — дейді ол.

Расымен де биыл республикалық маңыздағы «Қызылорда-Жезқазған»

коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Қанат Тұрсынбайұлы, «Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамыту орталығы» АҚ департамент директоры Марғұлан Жәнісұлы, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаиұлы, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Сәбитұлы, Пәтер иелері ассоциациясының Қызылорда қаласы бойынша төрайымы Ілімжауар Кенесқызы сөз сөйледі.

«СБ» ақпарат

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

АЛАМАН ЖЫРДЫҢ АРҚАУЫ – ЖАЛАНТӨС БАҒАДҮР



Жалантөс қолбасшы Самарқан шаһарына әмірлік еткен тұсында Регистанда «Ширдор» (Арыстан медресесі), «Тілла-Қары» (Алтынмен аптаған) медресесін салдырғанын тарихи деректерден білеміз. Жалантөс баһадүр 80 жасында дүниеден қайтып, Самарқанға жақын Дәғид кыстағына, өзі пір тұтқан Мақтық Ағзам әулие бейітінің қасына жерленген. Самарқанды қырық жыл билегендіктен, Өзбекстан тарихында оның әскери қолбасшылық қызметі, шаһар әмірі болған кезіндегі ғұмырнамасы жан-жақты жазылған. Баһадүрді өзбек пен қазақ өз жағына тартып мақтан ететінін осындай тарихи деректер негіз еді.

Данқты қолбасшы Жалантөс баһадүрдің 450 жылдығына орай Сыр елінде аламан айтыс өтті. «Алты Алаштың арысы – Ер Жалантөс!» атты «Өнер орталығында» өткен республикалық ақындар айтысының ашылу салтанатында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет Сыр топырағында туып, күлді Орта Азияда атақ-даңқымен әйгілі болған Жалантөс баһадүрдің ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі екенін айтты. Сондай-ақ дүбірлі сөз додасына келген айтыскерлерге сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тарихты білу дегеніміз – өткенмен өмір сүру емес. Біз тарихымызды терең білу және одан тағылым алу арқылы өткеннің қателігін қайталамайтын, Ұлы даланы мекендеген ұлы бабалар жолын лайықты жалғастыра алатын ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз» деген болатын. Бұл орайда Қазақ хандығының сындарлы кезеңінде саясаткер әрі қолбасшы болған тарихи тұлға – Жалантөс баһадүрдің орны екенін айрықша атап өткеніміз жөн.

Сөз – қуатты құрал, ақын – сөз құдіретін кеуделен қорытып шығарып, ой-санаға құюшы. Сондықтан бүгін ерлік данқы аспандайтын күн болмақ. Айтыс аламынаға ат қоса келген сөз жүйріктеріне бағыр атын асқататын, ел рухын көтеріп, көмбеге сүрінбей жетіп, бәйгелі бойыншадар деп тілек білдіреміз, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Республикалық айтысқа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұрғөре Жүсіп, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов, айтыскер ақын, «Алтын домбыра», мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Бекарыс Шойбеков, Мәдениет қайраткері Кенжебай Жүсіп қазылық етті. Белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтаев айтысты жүргізді.

Жыр додасы жасанды интеллект көмегімен жасалған Жалантөс баһадүр образындағы тақырыптық монологпен басталды. Онда қаһарман қолбасшының қалың әскерді бастап, сайыста атой салған рухты бейнесі көрініс берді.

1-бет

12 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРГЕР КҮНІ

МЕЙІРГЕР ІСІН ДАМЫТУДА ІЛГЕРІЛЕУ БАР

Бүгінде өңірдің денсаулық сақтау ұйымдарында 13 мыңға жуық орта буын медицина қызметкері еңбек етеді. 12 мамыр – Халықаралық мейіргер күніне орай өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мейіргерлік қызметті дамыту, кадр даярлау және халықаралық тәжірибе алмасу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар баяндалды.

Баспасөз конференциясына облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының емдеу-алдын алу жұмыстары жөніндегі орынбасары Жаңыл Исақызы мен басқарманың бас маманы Жәнісқұл Жолдыбайқызы қатысты. Спикерлердің айтуынша, өңірде мейіргер ісін жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі. Қызылорда облысының 2025-2027 жылдарға арналған мейіргер ісін дамыту жоспары жүзеге асырылып жатыр. Сонымен қатар, еліміздегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама аясындағы міндеттер кезен-кезеңімен орындалуда. Бүгінде өңірдің барлық медициналық ұйымында 13 мыңға жуық орта буын медицина қызметкері еңбек етеді. Оның 4142-сі алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарында қызмет атқарады. Кейінгі жылдары мейіргерлердің білім деңгейін арттыруға басымдық беріліп, жоғары медициналық колледжде «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

Айта кетейік, айтыстың шарты бойынша ақындарға «Заң мен тәртіп», «Ел бірлігі», «Ауыл аманаты», «Таза Қазақстан» сияқты түрлі тақырыптар берілді. Демек айтыскерлер басты тақырыппен бірге ел ішіндегі осындай қоғамдық-саяси мәселелерді де қамтуға тиіс.

Айтыс аламынада 12 ақын бақ сынады. Оның ішінде үш мәрте «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов, бір мәрте иегері Мейіркбек Сұлтанхан, «Күміс



домбыра» иегері Бексұлтан Орынбасар, сондай-ақ Дидар Қамидар, Мақсат Ақанов сынды есімдері елге танымал ақындар болды. Бұдан бөлек, Қабдолла Бейісхан, Жұлдызай Маратбек, Аяулым Жұмабекқызы, Аян Ниязбек, Расул Сауытбек сияқты жас ақындар өз кезегінде шалт ұйқас, шұрайлы сөз саптауымен көрермен көңілінан шықты.

Мысалы, Мұхтар Ниязовпен айтысқан жас жүйрік Қабдолла Бейісханның алысқа шырақ алатын шамасы аңғарылып тұрды. Ағасымен біраз айқасты. Айта-айта келгенде:

Біз секілді кіші Аралдар болмас, Үлкен Арал өздігінен толар ма еді? – деп аға менінің арасындағы жақындықты әзіл-қалжыңмен әсірелей отырып, жап-жақсы жеткізді. Жас ақынның аяқ алысын Мұхтар ағасы да мойындағаны болуы керек, «Жолымды берсең, деп шапанын шешіп інісінің ығына жапты.

Қыз бен жігіт айтысының хас жүйрігі Мақсат Ақановқа қарсылас болған Жұлдызай Маратбек өзінің «осал жау» еместігін көрсетті. Сөз арасында Мақсат кезінде інісіне опере алмай қалғанын айтып, «андай келін» деген еді. Іле-шала жауап қайырган Жұлдызай ағасына тосыннан соққы беріп, қарымтасын қайтарды.

«Андай келін» дегенің қандай аға? Таланты мен талабы таудай аға, Айтысайың әріге бармай аға, Жұлдыздайды бір түрлі суреттейсіз, Өзіңізді ел білмес жандай аға.

Қыздармен айтысқанда түлен түртіп, Арқасы жыбырлайтын «андай аға», – деп жұртты ду күлдірді. Жасыратыны жоқ, осыған дейін ауыздығы сөз, аяқтығы жол бермейтін әйгілі Мақсат бұл жолы қарындасты қағытуға батылы бармай, тізгін тартқандай болды. Ойдың терініне бойлап, мейлінше, саликалы сөз саптауға тырысатын Мейіркбек Сұлтанхан мен тәжірибелі айтыскер Дидар Қамидардың сөз сайысы да

тартысты өтті. Айтып отырғанымыздай, мәнді де мағыналы ойдың тиегін ағытқан Мейіркбек басым болды. Әсіресе, туған жерінен жырақ, Астанада жүргенін айтып, намысын қамшылаған Дидар қарсыласына Мейіркбектің берген жауабы өте сәтті әрі салмақты болды. Ау, жігіт деген қолына ту алмай ма? Қайда жүрсе елдің даңқын шығармай ма? Бабасы Самарқанды билегенде, Баласы Сарыарқада жүре алмай ма?! – деп қорғасындай ауыр сөзімен жеңіл-желпі әзілге біржола нүкте қойды. Қазылардың сараптауымен Шығыстың ақын қызы Жұлдызай Маратбек бас жүлдені иеленсе, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, жерлесіміз Мұхтар Ниязов I орынды қанжығасына байлады. Қызылжардың құлагері Қабдолла Бейісхан II орынды жеңіп алса, III орынды қыз бен жігіт айтысының жүйрігі Мақсат Ақанов пен Сырдың талантты перзенті Мейіркбек Сұлтанхан өзара бөлісті. Ал Жалантөс баһадүр атындағы арнайы жүлдемен белгілі айтыскер ақын Дидар Қамидар тағайындалды.

Иә, баба даңқын биік көтеріп, тарихқа тағзым етуді мақсат еткен аламан айтыста бүгінгі қоғамның да басты тақырыптары қозғалды. Тағылымды ойлар тарқатылды. Рухани сабақтастық деген ұғымның мәнісі де осы болар, сірә?!

Гәзиза ӘБІЛДА «Сыр бойы»



ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатов дала жұмыстарын пысықтап, тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктеді.

Биыл қалада 8 227 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілуде. Оның ішінде, негізгі дақыл күріш 3 200 гектар. – Ауыл шаруашылығы саласында суды аз қажет ететін дақылдарды егу және оның көлемін арттыру Үкімет пен облыс әкімінің ерекше назарында. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемін 2 есе арттыру тапсырмасын орындау мақсатында су тапшылығы жағдайында күріш көлемін оңтайландырып, өзге дақылдар көлемін ұлғайтуымыз қажет. Сондықтан су үнемдеу технологияларын енгізу, су арналарының тиімділігін арттыру, егіс құрылымын артартандыру және шаруаларды заманауи агротехнологияларға бейімдеу бойынша жұмыстарды әлі де күшейту керек, – деді Нұржан Сәбитұлы.

САҒЫНДЫРҒАН САҒЫНАЙ

Аудандық Мәдениет үйінде ақын, мәдениет жанашыры Сағынай Дәріғұлұлының еске алуға арналған «Сағындырған Сағынай» атты рухани-әдеби кеш өтті. Ақынның 75 жылдығына орай ұйымдастырылған тағылымды шараға зиялы қауым, мәдениет және өнер саласының өкілдері, ақын-жазушылар, ардагерлер, туған-туыстары мен аудан тұрғындары қатысты.

Кеш әсерлі прологпен ашылып, ақынның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы туралы тағылымды ойлар айтылды. Жүргізушілер Сағынай Ешекеновтің туған жер руханиятына қосқан үлесі мен өнерге адал болмысын тебіреніспен жеткізді. Шара барысында Арал ауданы әкімінің орынбасары Нұрмұхаммед Бохаев сөз сөйлеп, ақынның ел мәдениеті мен руханиятындағы орнына тоқталды. Ол өз сөзінде Сағынай Ешекеновтің ақындық қырымен қатар, ұйымдастырушылық қабілеті мен елге деген жанашырлығы кейінгі ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

ОҢ ДИНАМИКА ҚАЛЫПТАСТЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов бірқатар маңызды мәселеге қатысты мәжіліс өткізіп, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте алғашқы 3 айдың қорытындысымен аудан көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасқанын атап өтіп, алдағы уақытта да қарқынды бәсеңдетпеуді тапсырды. Өнеркәсіптің өңдеу саласын дамыту, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, тұрақты жұмыс орындарын құру және құрылыс нысандарын белгіленген мерзімде пайдалануға беру жөнінде жауаптыларға нақты міндеттер жүктелді.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінген қаржыны уақытылы әрі тиімді игеру, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң талаптарына сәйкес ұйымдастыру мәселелері де қатаң бақылауда болу керетін айтты.

ЕР-АЗАМАТТЫҢ АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТІ

«Руханият орталығында» жас сарбаздарды әскер қатарына салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті. Жыл сайын дәстүрге айналған шарада аудан әкімінің орынбасары Диас Молдабаев жастарға Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен атқарып, елге аман-есен оралуына тілегін білдірді.

– Әскер қатарына қосылу – әрбір ер-азаматтың абыройлы міндеті, ел алдындағы перзенттік парызы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Қарулы күштерді нығайтуға, әскери қызметтің беделін арттыруға арнайы айрықша көңіл бөлініп келеді. Отанға адал қызмет ету, тәртіп пен жауапкершілікті жоғары ұстау – басты міндеті. Осы жолда сіздер табандылық танытып, ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсетеді деп сенеміз, – деді ол. Шарада әскер қатарына аттанғалы отырған азаматтарға құрмет көрсетіліп, оларды тәрбиелеп өсірген ата-аналарына аудан әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

ЕГІН АЛҚАПТАРЫ КҮТІМГЕ АЛЫНДЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Жиында көктемгі дала жұмыстары талқыланды.

Ауданда биыл 41 758 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде күріш 16800, бидай 576, мақсары 595, арпа 50, сұлы 5, соя – 152, дәндік жүгері 7544, қант құмайы 371, жана жонышқа 4850, ескі жонышқа 8150, қартоп 250, көкөніс 1115, бақша дақылдары 1300 гектар.

Қазір жоспарланған мақсары, бидай, арпа, сұлы, соя, қант құмайы және жана жонышқа толық егіліп, ескі жонышқа алқаптары күтімге алынды. Сонымен қатар, жоспарланған 16 800 гектар күріш алқабының 9 825 гектарына (60,2%) тұқым себіліп, 6 965 гектары (42,6%) суға бастырылды. Аудан әкімі көктемгі егін жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

Аналар күніне орай аудандық кітапханада «Батыр ана – ел тірегі» атты тағылымды кездесу кеші ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – көпбалалы аналардың қоғамдағы рөлін насихаттап, өнегелі өмір жолын жас ұрпаққа үлгі ету, анаға құрметті арттыру.

Кешке «Алтын алқа» иегері, жеті баланың анасы Айгүл Сағындыққызы мен «Күміс алқа» иегері, алты бала тәрбиелеп отырған Индира Мұқанова қатысты. Кездесуде арнау өлеңдер оқылып, әсем әндер орындалды. Кітапхана қызметкерлері арнайы ұйымдастырылған кітап көрмесімен таныстырып, ана туралы әдебиеттерге шолу жасады. Кеш соңында батыр аналарға Алғыс хаттар табысталып, сый-сияпат көрсетілді. Тағылымы мол шара қатысушыларға ерекше әсер сыйлап, анаға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыра түсті.

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТИҢ ҮЛГІСІ

Бұдабай Кабылұлы атындағы Мәдениет үйінде Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері Камал Оспанұлының туғанына 100 жыл толуына арналған «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа аманат» атты еске алу шарасы өтті.

Тағылымға толы шараға аудан әкімі Айтбай Жандарбеков қатысып, ардақты тұлғаның өнегелі өмір жолына тоқталып, Камал Оспанұлының ғұмыр жолы жас ұрпақ үшін теңдессіз үлгі екенін жеткізді. – Еске алу шарасы – бір ғана азаматтың өмір жолын дәріптеу емес, бұл – ел басына күн туған шақтағы ерлік пен елдікке, қайсарлық пен отансүйгіштікке тағзым сәті, – деді аудан әкімі. Жиында ардагердің ел үшін сіңірген еңбегі мен ерлігі ұрпақ жадында мәңгі сақталатыны айтылды.

ҮЗДІК ОЙЫНШЫ АТАНДЫ

Гандболдан Азия чемпионатында Қазақстанның жасөспірім қыздар құрамасы жеңіске қол жеткізді. Кездесуде Иран құрамасын 38:32 есебімен жеңді.

Ел намысын қорғап жүрген құраманың сапында Келінтөбе ауылынан Нұрдана Қырғызбай мен Ақмарал Насырла, сондай-ақ Жаңақорған кентінен Ақмарал Қалдыбекқызы өнер көрсетуде. Айта кетейік, кезекті матчта Нұрдана Қырғызбай қарсыластар қақпасына ең көп доп соғып, «Үздік ойыншы» атанды.

13 мамыр күні Қазақстан құрамасы Қырғызстан құрамасына қарсы ойын өткізеді. Дайындаған Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАПАҒАШ

СЫРДАРІЯ

ШІЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН

Сурет ашық дөңгелектен



Өнер алыбының өнегесі

«Сен және мен» романынан үзінді

...Бүгінгі көрсетілім жасау Арман-ның кезегі болатын. Ол Өнер академиясына Асанәлі Әшімұлы мен Есмұхан Обаевтың режиссерлер мен актерлердің бірігіп оқытын курсына түсіп, оқып жүрген болатын.

Саида Маликаға тапсырған екен, ұстаздар келісімен көрсетілімді бастап кетті.

Жарық сөне бастағанда барабанға қосылған каткыл музыка көрсетілімнің драмалық негізінен хабар бергендей. Сосын қараңғылықта жүріп келе жатқан көп адамның аяқ дыбысы естілгендей болды. Жарықтың азғантай ғана сәулесі қозғалысқа кіріскен аяқтарға ғана түсті. Музыкада тағы да барабанның жиі соғылған дабылы жүріп өтті. Адам аяқтары қырықаяқ жәндіктің қозғалысын қайталағандай соның жүрісімен сап түзеп келді. Тағы бір екі жарық нүктесі пайда болды, көзге кіребері есік пен төрдегі сауда сөресі көрінді. Адамдар қолындағы ақшасын сарт еткізіп ағаштың үстіне қойғаны сол, дүкенші ол тиынды қағып алып бір бөлке қатқан нанды ұсына қояды. Кезекпен алып жатыр. Ортадан тағы бір жарық пайда болып, онда қатқан қақықай қатқан карауыл солдаттың сұлбасы көрінді. Қолында сойыл. Онысын арасында салмақтап қойып, кезекті қалт жібермей бақылып тұр. Барабан дабылы тағы бір соғылып өтті де, есіктен үстінде қызыл пиджағы бар жігіт кіріп, жүрістің ретін сақтамай кезектің қимылын бұза бастады. Карауыл солдат жетіп келіп, сойылмен соға бергенде жігіт те пиджағының теріс жағы – күлгін түсін киіп, кезекке дұрыс тұра қалды. Ол барып ан ала бергенде есіктен тағы бір ерекше ақ көйлек киген қыз кіріп келді. Солдат қызға ұмтылғанда қыз шығырып, қашам деп ортаға келіп құлады. Солдат оған жетем дегенше қызыл пиджақ киген жігіт те келіп, үлгеріп қыздың үстіне тұра қалды да, оған сойылды тигізген жоқ. Солдат жігітті ұра бастады. Кезек толқып кетті, мұнықа ыңыранып, барабан дабылы сабалай түсіп, трагедиялық ноталарды ойнай бастады. Бір кезде кезек қырықаяқтың қозғалысымен ортасынан томпа бері қозғалып, солдатты орап алды да, оны жұтып жіберді, сосын қайтадан орнына барып тұрды. Жігіт ауырсынып, тізерлеп отыра қалған еді, басын қорғап төмен құлаған қыз орнынан тұрып жігітке көз тастады. Қалтасынан орамалын алып оның бетін сүртті. Жігіт те оған таңырқай қарап, оның шашынан сипады. Кезек аяғын көтеріп қозғала бастағандай болып еді, қыз бен жігіттің махабат биі көріп, бәрі таңырқап тұра қалды. Асанәлі ағамызға бәрі ұнап отыр. Детектив жанрын бір кісідей білетін мэтрге әсіресе лейтенант пен капитанның көрінісі де жақсы әсер қалдырды. Капитан шығар есікке бұрыла бергенде карауыл солдаттың биіне тіпті күліп алды. Аяқталуы да жақсы, сенімді. Капитан кеткенде жүріп жатқан қырықаяқ қалт тұра қалып, есіктен енді кірген жасыл көйлекті қызға қарап қалды. Барабан гүрілі тағы да өзінің бар екенін білдіріп тұр ете түсті. Жарық сөне бастады.

Жарық қайта жанғанда зал күңіреніте қол соқты. Амаж жок студенттер жамырай шығып сахнаның алдына келіп иіле бастады.

Біреулер тіпті: «Режиссер қайда? Режиссер шықсын!» деп айқайлап жіберді. Арман қатты қысылып ұстаздарына қарады, Асанәлі қолымен белгі беріп сахнаға шықсаңшы деп жатыр. Арман қысыла-қысыла сахнаға көтерілді. Зал одан сайын шулап кетті. Арман студенттердің ортасына барып тұрып, бәрі ілгері озып бастарын иді. Армандақ тағы бір иіліп, кері серпілгенде шымылдық та жабылды-ау айтуыр.

Есмұханға көрініс онша ұнаған жоқ. Бұрын көрген сияқты ма, бұрын да бір жерде болған сияқты ма – айтуыр ол үшін жаңалық болып көрінбеді. Сосын көрсетілімнен кейінгі у-шу да оның көңілін түсіріп, мына көрсетілімге деген оның ұнамсыз сезімдерін қоюлата түсті.

Көрсетілім шығып болғасын Асекең Есмұханға бұрылып:

– Ал, Есаға, сен не айтасын? – деп сөз кезегін бұрды.

Есмұханның сөйлегісі жоқ еді, амаж жок Асекең ескертіп үлгермеді де сөз айтуға тура келді.

– Көрсетілім «Фантазия» деп аталыпты. Бұл не қылған фантазия екен деп ойлану отырмын да. Мен осыны бір жерден көрген сияқтымын ба, айтуыр маған қиялдың жана бір тербелісінен туған жаналық екен деп сезінбедім. Бәрі жаттанды сияқты ма? Рас енді қырықаяқтарың жақсы. Пернебек молодец – өте керемет

жасалған, билері де дұрыс, ол да Фирузаның еңбегі. Сосын мынадай шу ұйымдастырудың не қажеті бар еді? Ұстаздарға сес көрсету ме бұл? Жақсы баға қойсын деген. Баға еңбекке болмай ма? Еңбегің жақсы болса бағаң да соған лайықты, ал көрінісің жаттанды, қайталау болса, қандай баға болмақ, айтыңдаршы?

Оқу театрының ішінде ләм-мим тыныштық орнады. Асекең Есмұханға қарап:

– Болдың ба, Есаға? – деген еді.

Есмұхан Асекеңе байыптап бір қарап алды да:

– Болдым... – деді.

– Онда былай қылайық. Бұдан арғы талқыны ертен, сағат 10-дағы сабақта жалғастырайық. Ал қазір боссыңдар? – деп Асекең орнынан тұрды.

Студенттер не болғанын білмей тарай бастады. Жастар түгел кетіп болғанда Асекең Есмұханға бұрылып:

– Есмұхан, екеуіміз біздің офиске барайық, – деді.

– Менің бір жұмыстарым бар еді...

– Жұмыс потом... Қазір әңгімелесу керек. Мен жүре берейін, машинаң бар ғой?

– Ия...

– Есмұхан ағаға не жаздым – деп ойлады Арман, – тым болмаса менің ағымды бір атамады ғой, тіпті жаман іске алғысыз деп айта да мен көнер едім, бірақ бұрын болған сюжет дегеніне... Қашан болды екен? Кім жасады екен? Құдайым-ау, өз басымнан өткен оқиғаның сахналық көрінісі емес пе? Пернебек, Фирузаны мақтағаны дұрыс, бірақ соның бәрін бірге жасалдық емес пе? Жарайды, ал мен жаман екем, Саида мен Данияр ше? Қандай биледі? Фируза қойғанымен орындау ше? Орындау шеберлігі?

Ертеніне Академияға студенттер жүгіре басып кіргені сол еді, аудиторияның есігін ашып қалғанда іште отырған Асанәлі Әшімұлы мен Есмұхан Несіпбайұлын көріп, бәрі таң-тамаша боп қалды.

– Кіруге бола ма, ағай?

Асекең сағатына бір қарап алды да:

– Өлі бір минуттарың бар. Тез-тез...

Студенттер бәрі де келген екен, еңтіге жүріп отыра қалысты.

– Арман, сен мына сюжетті қайдан алдың?

Ол орнынан тұрды да қызарақтап не деп айтарын білмей үнісіп тұрып қалды.

– Ия, не болды?

– Арман қысылып тұрған ғой, рұқсат етсеңіз мен айтып берейін! – деп Батырбек орнынан көтерілді.

– Бұл Арман жаққында бір қызбен танысқан ғой, нан магазинінде, қызға нанын беріп, жатақханаға дейін арқалатқан. Сол бейнеттің ессіне осы сюжетті ойлап тапқан біздің жігітіміз. Кеше түнде мен де интернетті біраз шарладым, кешегі көрсетілімге ұқсас бір сюжет көргенім жоқ, ал лейтенант сипаларына ұқсас батыс киносында эпизодтар көп қой... Ол енді...

– Жақсы, отыр. Арман, сен де отыр.

Демек сюжет өмірден алынған – деп Асекең Есмұханға бір қарап қойды. – Өзіме кешегі көрсетілімдерің ұнады. Театр театр болуы керек. Біз өмірді қаз қалпында көрсете алмаймыз. Театр тілімен ғана көрсетеміз. Қарандаршы, Арман нан магазинінде қызбен кездескен, содан осындай көрініс туған. Өмір бар ма? Бар. Бірақ ол таза өмір емес. Режиссердің фантазиясы тұрдырған өмірдің сахналық бейнесі. Бұл нағыз театр. Құттықтаймын! Пернебек пен Фирузаның еңбегі де атап өтерлік. Есмұхан айтқандай жақсы, бірақ режиссер бағыт-бағдар бермесе тап осындай болып жасалар ма еді, солай емес пе, Пернебек?

– Дұрыс айтасыз, Асанәлі аға, – деп ол орнынан көтерілді. Арман екеуімз қырықаяқтың жүрісін интернеттен қарап, схемасын жасап, содан кейін жігіттерге үйреттік. Арман болмаса менің жеке өзім тап осылай шығара алмас едім.

– Ал енді би мәселесіне келсек... Саида, қалқам-ау сен осылай көрініп жүрсең. Қандай кереметсің. Пластикан, Данияр екеуінің қарым-қатынастарың, бір-бірінді көріп, сезімге бөленгендерің... Староста болып жүгірсең де жүрсең... Осы қыз актер шеберлігін ұмғытып қалған жоқ па екен деп жүр едім... Жоқ, бар екен... Жақсы екен...

– Ойнамаймы деп жүрмін бе? Мына режиссерлер роль бермейді ғой маған, – деп қалды Саида өкпесін жеткізіп.

– Ол болмайды жігіттер! Батырбек, сендер Саидаға староста деп емес, болашақ актриса деп қарандар. Ана жолы «Дон Карлосты» көрсеттің. Айым дұрыс, келеді рольге, Эболиге Саиданы да салу

керек еді. Ал енді көрсетілімдерің, тағы да қайталап айтам, жақсы, режиссердің де, қатысқан әртістерге де бәріне бәсе! Есмұхан келіссің ғой?

– Әрине, Асаға! Жақсы қойылым, сондықтан бағасы да көтеріңкі.

Студенттердің көздері жайнап кетті. Екі ұстаз аудиториядан шыққаны сол еді, бөлменің ішін айқай-шу толтырып әкетті. Кешеден бері белгісіздіктен түйілген көңіл жадырап, бәрінің де көкірегі қуанышқа қарай бет бұрды.

– Жігіттер, қыздар! Жүріңдер, мен Жазушылар одағының қасында бір кафе көргем. Қане, соған барып қуанышымызды жуайық.

– Кім төлейді?

– Малика.

Малика шошып кетті.

– Арман, сен не? Осынша адамға? Менде ондай қаражат жоқ.

– Онда менің пайдалан. Мінекей қарточка.

– Ойбай, қой, өзін жұмсамай! – деп Малика Арманға қарточкасын қайтарып беріп жатыр еді, Батырбек келіп оны қағып алды да:

– Өз еркімен беріп жатқанда пайдаланып қалмаймысың? Мә, қарточка! Ал, қане, алға Малика! Жасасын «Фантазия»!

Олар ұлап-шулап бас поштаның қасына келе бергенде Саида:

– Мына киоскіде қолма-қол лоторея сатылады. Ойнайықшы, а?

Арман, сен бірінші баста...

– Мен жалпы лотореяға жоқпын, бірақ мына Малика ойнайын деп тұр... Малика мына бір лотореяны алышы, ол саған қарап тұрған сияқты...

Малика алып, ақырын ашты да қуанғаннан шығырып жіберді.

– Өй, не болды, миллион ба?

– Жоқ, бес жүз теңге...

– Өй, соған бола ма?

– Бұл менің лотореядан бірінші рет ұтып тұрғаным, Саида...

Рақмет, Арман... Батырбек қолын созып:

– Қане мен көрейіні деп төрт лоторея алды да:

– Қыздар төртеуіңе төртеуі...

Рақметін айтып Саида, Рая, Малика, Зауре ашып қарап еді, дым болмай шықты.

Арман қарап тұрмай:

– Саида, сен ойнайын деп тұрсың ғой!

– Қойшы, қолым шықпайды ғой...

– Енді көрсейсің, мына бір лоторея саған қарап тұр-ау шамасы...

– Қайсысы, қайсысы, мынау ма?

– Жоқ, қасындағысы...

– Мен ішінде мың теңге болмаса алмай.

– Онда, аржағындағыны алшы. Ия, сон!

Саида лотореяны алып, ашты да билеп кетті. Батырбек:

– Не болды? Қанша?

Саида:

– Мың теңге!

– Рас па, қане көрсетші!

– Шынында да, мың теңге!

– Өй, Арман сен сәуегеймісің? Бізге де ұтатын лотореяны көрсетейсің, – деп бәрі шулап кетті.

Осы кезде олардың сырттарынан Асанәлі келіп тұр еді. Ол кісіні көргесін бәрі басыла қалды.

– Немесе, лоторея базары ма? Ұтыс бар ма?

– Мен бес жүз, Саида мың теңге ұтты.

– Киоскіде бір нәрсе қалды ма?..

– Ия, жастардың ойыны керемет!

– деп қалды киоскер, Асекеңе газет ұсынып тұрып.

– Арман – деді Саида батылданып, – ағайға ұтысы бар лотореяны көрсетші...

Асекең күлді:

– Қызық үшін қане көрейіңкі.

Арман қиналып, басын шайқап-шайқап, қорыпты қарады да орта тұсындағы бір лотореяны көрсетті.

– Осыны алып көріңізші...

– Алып берсей...

– Жоқ, ағай, лотореяны өзіңіз алыңыз, жоқ жанындағы, ия дөп соның өзі.

– Мынау бір қызық болды-ау, ә? – деп Асекең тағы да жымия түсіп, лотореяны алды да Батырбекке беріп:

– Қане, мынаны сен ашышы, – деді.

Батырбек алқын-жұлқын ашты да көзі бақырайып:

– Мүмкін емес! – деп шорт кесті.

– Не болды?

– Жоқ, мүмкін емес, бірақ бетіне жазылыпты: он мың теңге деп...

– Қане, рас па? – деп Асекең лотореяны алды да жазуын оқып таңғала:

– Мынау... шынында да он мың... – деп алдында тұрған Саидаға ұстата салды. Лоторея қолдан қолға өтіп бәрі

де танданыса қарап Арманға бұрылды.

– Жоқ, бұл ешқандай сәуегейлік те емес, сиқыр да емес, бұл бүгінгі Асанәлі көкемің бізге берген жақсы бағасынан кейінгі сәттілік.

– Ия! – деп дауысын созыпқырай түсіп, қараптан қарап тұрып он мың теңгелі болдым-ау деймін. Бұл бір ғайыптан келген сома, ұтысты шақыруы да мүмкін-ау, ә? Мен мұны кешкі проферансқа пайдаланып көрейін. Ал сендер бәрің бір жерге барасыңдар-ау шамасы...

– Малика бәрімізді шақырып...

– Малика? Ия, дұрыс-ақ, курстастың табысын жуу деген... былай болсын онда! Мен өз қалтамнан алып берейін сендерге. Он мың болмасын... он екі мың екен ... Мә, Малика, жақсы отырыңдар, бірақ ертең сабақ барын ұмытып кетпендер! – деп ұстаз бұрылып, машинасына қарай бет алды...

«Театр – менің тынысым»

Арман басшылардың рұқсатымен М.Әуезов театрында В.Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасын» қойған болатын. Лондонда студент-режиссерлердің спектакльдеріне арналған халықаралық фестиваль болып, М.Әуезов атындағы Академиялық Ұлттық драма театрында Арман қойған «Ромео мен Джульетта» фестивалге жолдама алып, жүделі орынның бірін иеленді. Фестиваль уақыты В.Шекспирдің туған күнімен тұспа-тұс келіп 23 сәуір күні Арман «Глобус» театрына Асанәлі көкесімен бірге келді. Кіреберітегі басқыннан төмен түсіп, ішке енетін жерде тұрған Шекспирдің бюстіне жақындай бергенде Асекең:

– Адамзат данышпандарының данышпаны, уа ұлы Шекспир Уильям, біз сізге байтақ Тұран даласын мекен еткен қазақ халқының кеңпейіл сәлемін әкеліп тұрым.

Мен, Асанәлі Әшімұлы, Сіздің теңдессіз шығармаларының бірі Юлий Цезарді сахна төріне шығарған қазақ актеры, Сіздің алдыңызда тіземді бүгіп, басымды иемін.

Менің шәкіртім, Арман Байболовтың да ниеті сол. Сіз өміршең шығармаларыңызбен қазақ ұлтының руханиятына да зор үлес қосып жүрген суреткерсіз. Мәңгі өлмейтін ойларыңыз бен жанды пәлсапаларыңыз бізге рух берді, жанымызды тербетеді, санамызды оятады. Сіз бізбен бірге сіз, театр деген ұлы көштің ең алдығы сапындасыз – деп дауысы қонырқай тартып, көздері жасаурап толғана ұн қатты.

Арманның бойы шымырлап, көкірегінде қазақтың асқақ күйлері күмбірлеп жатқандай, әр аттаған сайын тебірене қозғалып, Шекспир әлеміне бойлай бастағандай сияқты көрінді. Олар ескі театрға келіп кірді. Оң жақта орналасқан сахна көрерменге ұмысна жақындап, шөпкесін артқа жылжытып киіп алып, биіктен қарап тұрғандай көрінді. Ал көрермендер тұратын орнаның едені жер, төбесі ашық, бұлтты аспан лұттарға «Қазір, қаһарымды төгіп жіберуім мүмкін» дегендей сүстія қалған. Сол жақта айнала ағаштан галерея орнатылып, отыратын алты ма, жеті қатар басқыш, үстіңгі жағына қалқа орнатылған, ол тек сол галереяда отыратын көрерменді жанбырлан қорғайтын болса керек. Асанәлі Әшімұлы пиджағын, бас-киімін Арманға берді. Арман енді байқады, көкесі беліне жалпақ күміс белбеу тағып алыпты, үстіне киген көйлектің, әсіресе жеңі кең пішілген екен, ақ көйлегі кең жеңімен Асекеңе өзгенше оң сыйлап тұрды. Ол онымен тоқтаған жоқ, шалбарының қалтасынан қара лентта алып басына тақты да оң жақтағы басқышпен сахнаға ақырын көтеріле бастады. Көтерілген сайын ұстазы еңсесін биіктете жоғарылатып, денесі шырышық атып, сахнаға шыққанда

Шекспирдің бір кейіпкеріне айнала бастады. Ортаға тұра бергені сол еді, Асанәлі дүлей боранның дауылды желінен қорғанғандай екі қолын ілгері ұмынып, желдің екпінімен ілгері-кейін серпіліп, тіпті соңында артқа қарай жүрелеп отыра кетті.

Арман не істерін білмей қатты да қалды. Бірақ смартфонмен түсіруді ұмытқан жоқ.

Асанәлі Әшімұлы орнынан зорлана көтеріліп, дауылға қарсы бір аттап, екі аттап алға басып, қалтыраған қолдарын көкке шаншып, дауылдың екпініне қарамай Король Лирдің монологын бастап кетті:

«Үдей тұс дауыл, үдей тұс?»

Өңешің үзілгенше өршелене,

ұлып бак.

Қара нөсер, шелектеп құй,

төпей тұс,

Жердің бетін қанды топан

қаптасын,

Жарқылыңнан айналайын жай оты,

Жаһаннамда жарты шөңге

қалдырмай

Өрте бәрің, өрте менің

Қуарған қу басымды.

Дауыл тағы да өршелене ұлып

қоя бергендей болған, бірақ актер де қайыспай оның екпінін күтіп алып, монологын жоғарғы ноталарда әрі қарай жалғастырды:

Дүние, мал, қызық дәурен,

Жәй түссін де жайрасын!

Адам деген өзәзілдің әулеті

түгел құрып,

Тігерге тұяқ қалмасын!»

Соңғы сөзін көзін жұмып тұрып, көкірегі қарс айырыла күрсініп айтты да Асекең үн-түңсіз қалды. Сосын көзін ашты да ақырын басып авансенаның шетіне келді де монологты өз сөзімен аяқтады.

Қазақ болып туғанымға қуанам,

Әсіресе оның өнерін

қуғанымға қуанам.

Ұлылардың бей

/// ЖЕҢІС – 81



ЖЕҢІС КӨКТЕМІНІҢ КУӘГЕРІ

Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде Кеңес армиясы қатарына шақырылып, Отан қорғауға аттанғандар қатарында Қани Медетбаев та болды. Қазалыдан басталған ұзақ жол Берлинге дейін созылды.

Ол Қазалы ауданына қарасты №3 ауылда шаруа отбасында дүниеге келген. Соғыс басталғанда бозбала Қани Қазалы қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып жүрген. 1942 жылдың 1 қаңтары күні әскери комиссариаттан шақырту қағазын алған жас жігіт ағайын-туысымен қимай қоштасып, Отан қорғауға аттанады. Ташкенттегі бір айлық дайындықтан соң ақпан айында Мәскеуге бағыт алды. Бұл кезде Мәскеу мен оның түбіндегі қалаларды душпанның қорғау үшін қанды шайқастар жүріп жатқан. Қазақы ауылда өскен өрімдей жас жігіттерді Мәскеу түбіндегі алапат ұрысқа әкеп салды. Өлім мен өмір арпалысқан кәтерлі күндерді бастап кешкен жас жауынгер алғаш рет қанды шайқасқа куә болды.

Кейін Смоленскіні жаудан тазартуға қатысты. Айта кетейік, Қазақстанда жасақталған әскери құрылымдар соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаумен жанқиярлықпен шайқасты. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандықтар үлкен құрметке ие болды. Екінші дүниежүзілік соғыстың тағдырын шешкен ең қанқұйлы шайқастың бірі – Сталинград майданы. Осындай ең ірі шайқас орын алған Ржев және Сталинград қалаларын қорғауда қазақ жауынгерлері ерекше ерлік көрсетті.

Жауынгер Қани Медетбаев қоршаудағы Ленинградты жау құрсауынан босату шайқастарына қатысады. Одан кейін Белоруссия майданына кірді. Еуропа елдерін фашистік езгіден азат ету шайқастарының ортасында жүріп, Жеңісті Берлин қаласында қарсы алды. Сол сұрапыл соғыста шығын аз болмады. Командирге қарағанда солдат шығыны анағұрлым көп болатыны белгілі. Душпанның ордасына жетемін дегенше взводтағы солдаттар бірнеше рет жаңарды. Ауыр жараланып, әскерге жарамсыз деп танылғандары елге қайтарылды. Аман-есен елге жете алмай, сүйегі жат жерде қалып, арманда кеткен боздақтар қаншама?!

Жеңісті Берлинде қарсы алған солдат қолындағы әскери қызметке қалдырылып, туған жеріне 1947 жылы оралды. Елде де азаматтарға артылар жүк жеңіл емес. Ол бейбіт өмірде арнайы форма киіп, тағы әскери жұмыс атқарады. Бұл кезде майданнан қайтқан ауыр техникаларды Орта Азия мен Қазақстанға теміржол арқылы тасымалдау, яғни осы өңірлердегі әскери округтерді жабдықтау жүріп жатты.

Қазалы әскерилендірілген күзет мекемесіне орналасқан Қ.Медетбаев осындай қиын да күрделі жұмыстың басы-қасында жүрді. Станциядан тәулігіне 80-90-ға дейін ауыр жүк поезы өтетін. Бұл соларды түпкілікті орнына жеткізілуіне әскериленген кондуктор есебінде тікелей жауапты еді. Күні-түні Ақтөбенің Шалқары мен Түркістан аралығын жол қылды. Тіпті осы жауапты жұмыста жүріп жаракат та алды. Екі тілде сауатты, алғыр маман аталған мекеме басшысынан бес рет Алғыс хат, бірнеше мәрте бағалы сыйлық алды. Абыроймен еңбек етіп, елге сыйлы азамат болды.

Қ.Медетбаев 1945 жылы «Берлинді алғаны үшін» және «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен, 1954 жылы «Ерлігі үшін», 1965 жылы «Жеңістің 20 жылдығы» және 1967 жылы «КСРО әскери күшінің 50 жылдығы» мерекелік медальдарымен марапатталған.

Елге оралған соң шаңырақ көтерген майдангер Қани жұбайы Орынбасар екеуі дүниеге 5 ұл, 5 қыз әкеліп өсірді. Жұбайы – Батыр ана медалінің иегері. Ұл-қыздары қазір Қазақстанның түкпір-түкпірінде тәуелсіз еліміздің дамуы жолында еңбек етіп жүр. Бүгінде батыр атадан 26 немере, 63 шөбере, 2 шөпшек бар. Отбасы үлкендері ұрпақтарына атасы мен әжесінің өмірін үнемі үлгі етіп, айтып отырады.

Ширек ғасырға жуық Қазалы әскерилендірілген күзет мекемесінде адал қызмет еткен Қани Медетбаев соғыстан алған жаракаты, яки II топтағы мүгедектігіне байланысты 1971 жылы зейнетке шықты. Үш жылдан кейін жұмыс бабында алған жаракаты асқыннып, ауыр науқастан қайтыс болды. Отанымызды жаудан қорғап, соғысты Берлинде аяқтаған ардагер атаның ұрпақтары Жеңіс көктемін жыл сайын асыға күтеді.

– Балалық қой, әкемнен соғыс туралы сұраймыз. Бірақ көрген қиындықтары туралы айтпайтын. Мінезі өте салмақты еді. «Соғыстың бетін ері қылың, енді соғыс болмасын!» деп қысқа қайыратын. Өзі атадан үш ағайынды – Нұржамал, Молдағали және менің әкем Қани.

Үлкені Молдағали әкеміз де соғыс басталған жылы майданға алынып, Жеңісті Берлинде қарсы алған. Кейін Польшада, Алматы қаласында әскери қызметте болды. 1955 жылы туған жеріне оралып, 14 жылдан соң туған апасы Нұржамалмен, інісі Қанимен табысады. Ол кісі 1981 жылы қайтыс болды.

Бауырлар өмірінің соңына дейін аудан орталығы Жанақазалы (Сұлутам) қыстағында бірге тұрды. Қазір олардың немере-шөберелері бір қауым елге айналды. Шүкір, ұрпақтары елге қызмет етіп жүр. Өкініштісі бүгінде ардагер әкелеріміздің көзін көрген замандас-тұстастары сиреп қалды. Біз қан майданда от кешкен барша майдангерлерге басымызды иіп, рухына тағзым етеміз, – дейді бүгінде Қызылорда қаласында тұратын майдангердің кенже ұлы, дәрігер Әділбай Медетбаев.

Отанымызды душпанның қорғап, кеудесін окқа тосқан әр жауынгер жоғары құрметке лайықты. Ардагерлерімізді қадірлеу арқылы біз жас ұрпақ санасына Отанын, елін сүйуді сіңіреміз, қазақ атты халықтың мәртебесін көтереміз. 2016 жылы Қазалы аудандық ономастикалық жұмысшы топ өткізген жиындарда ұсыныстар қаралып, Әйтеке би кентіндегі бір көшеге соғыс ардагері Қани Медетбаевтың аты берілді.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

Биыл ардақты ұстаз, білікті басшы, өнегелі азамат Жалғасбек Ормахановтың 75 жылдық мерейтойы болар еді... Өмірден ерте өткенмен, оның жарқын бейнесі, өнегелі ісі, еселі еңбегі әлі күнге дейін ұмытылмай келеді. Адамның ғұмыры жылмен емес, артына қалдырған еңбегімен, өнегесімен өлшенеді десек, ағайымыздың өмір жолы – шын мәнінде тағылым мен тәрбиенің, адал еңбек пен азаматтықтың шежіресі. Бұл бөлесті өзі көре алмаса да, елге сіңірген еңбегі, шәкірт жүрегіне қалған ұлағаты уақыт өткен сайын бедерленіп, асқақтай түсуде. Уақыт көші алға қарай қанша тез жылжыса да, оның салмақты сөзі, азаматтық болмысы, ұстаздық жолдағы ерен еңбегі ұмытылмай, ел есінде сақталып келеді.

ҰСТАЗДАН ЖАЛҒАСҚАН ҰЛАҒАТ

Ағайымыздың өмір жолы – тағылымға толы тұтас бір дәуір. Санағы ғұмырын білім мен тәрбие саласына арнаған, бір буынның жүрегіне сақталған тұлға.

Жастайынан білімге құштар ол сол кездегі әйгілі ҚазМУ-дың (қазіргі Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) тарих факультетіне оқуға түсті, ғұлама ғалымдардан дәріс тыңдады. Университет қабырғасында жүріп-ақ болашақ тағдырын айқындап, ұстаздық жолды таңдады.

Білім қуып, үлкен шаһарда қалып қоюға мүмкіндігі бола тұра, туған ауылындағы мектепке ұстаз болып оралуы оның азаматтық болмысының айғағы еді. Басты мақсаты елге, туған жерге қызмет ету, ұрпақ тәрбиелеу болды. Сол кездегі қазақтың маңдайында университетін бітіріп, ауыл мектебіне келуін нағыз елжандылықтың белгісі дер едік. Ол қара басының қамынан гөрі, ұлт мұратын, ұрпақ тәрбиесін жоғары қою білді.

Оқу орнын бітірген соң, 1976 жылы Жанақорған ауданы Талап соғхозындағы №54 Октябрь орта мектебіне жұмысқа орналасты. Мектеп табалдырығын жас ұстаз

болып аттаған күннен бастап-ақ білім беруді жүрек ісі деп қабылдады. Тарих пәнін оқыта жүріп, оқушылардың бойына елге деген сүйіспеншілікті, ұлттың деген адалдықты, әр ісіне жауапкершілікті сіңіре білді.

Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол тұлға қалыптастырушы тәлімгер. Жалғасбек ағай сондай сирек жандардың бірі еді. Жас ұстаздың бойындағы мәдениет, қарапайымдылық, өнерге деген құрмет сабақ берген шәкірттеріне өнеге болды.

Тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезімізде көктемгі өнер фестивалінде ағаймен бірге мектеп сахнасында ұстаз бен шәкірт болып, «Құстар қайтқанда» әнін орындағаным – менің өмірімдегі ең әсерлі сәттердің бірі.

Бұл әннің сөзін қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Қадыр Мырза-Әлі жазса, әуенін халқымыздың біртуар композиторы Нұрғиса Тілендиев шығарған. Терен мағынасы мен мұңлы әуені арқылы жүрекке жететін туынды ерекше мәнге ие. Сахнаға шығар алдындағы толқымды ағайдың



байсалды үні басып, сенім сыйлады.

Ол кісі бізге тек ән айтуды ғана емес, өнерді сүйуді, өз-өзіне сенуді үйретті. Ұстаз бен шәкірттің бір сахнада үндесуі рухани байланыстың көрінісі еді. Ән аяқталған сәтте көрермен соққан шапалақ үні ұзаққа созылды. Сол сәттегі бойымды кернеген қуаныш, толқу, мақтаныш сезімі әлі күнге дейін санамда жанғырып тұрғандай.

Жылдар өтсе де, көктем келген сайын, құстар қайта оралған шақта, сол әнмен бірге ұстазымның бейнесі көз алдыма келеді. Берген тәлімі мен сенімі шәкірт жүрегіне мәңгі сақталатынын осыдан аңғарғандаймын.

Ол кісі, ең алдымен, шын мәніндегі ұстаз еді. Бізге сынып жетекшісі болып тағайындалғаннан бастап, сабағы да, сөзі де бәрмізге ерекше әсер қалдырды. Тарихты жаттатқызбай, жүрекке жеткізіп оқытатын. Әрбір тарихи оқиғаның астарынан жеке адамға, ұлтқа, халыққа тән тағдыр мен тағылым іздететін. «Өткенін білмеген ұрпақтың болашағы бұлың-

ғыр» деген қағиданы жиі қайталап отыратын.

Ол кісі жас болса да тәрбиеші ретінде әр баланың болашағына ерекше алаңдайтын. Сабақтан тыс уақытта да тәрбие ісіне бейжай қараған емес. Ағай бәрмізді кітап оқуға, ізденуге, елді, туған жерді сүйуге үндеді. Шынайы педагог ретінде қатал талап пен әкелік мейірімді қатар ұстай білді. Сол талаптың, сол сенімнің арқасында талай шәкірт өз өмір жолын дұрыс таңдады.

Оның басқаруындағы мектеп тек білім ордасы емес, тәрбие мен мәдениеттің ошағына айналды. Шәкірттері жетістікке жетіп, мектеп мерейін өсірді. Аз уақыттың ішінде оқушылар аудандық, облыстық байқаулар мен олимпиадаларда жетістікке жете бастады. Басшылық қызмет тек басқару емес, ұжымды біріктіру, бағыт беру, үлгі бола білу екенін көрсеткен де Жалғас ағай еді. Ол мектепті тек білім мен тәрбие ордасы ғана емес, бірлігі жарасқан берекелі отбасына айналдырып жіберді.

Мектептен кейін Қызылордадан жоғары білім алып, туған ауылыма қызметке келгенімде, кеше ғана өзіме сабақ берген ағайыммен әріптес атану бақыты бұйырды. Бұл – өмірдің сирек сыйы. Жалғас ағай маған шәкірт емес, жас маман ретінде қарап, ақыл-көнесін айтып, бағыт-бағдар берген тәлімгерім болды. Қиын сәттерде сабырға шақырып, әр баланың жүрегіне жол табудың маңызын түсіндірді.

Бүгінгі 75 жылдық мерейтойы қарсаңында өзі арамызда жоқ болса да, ұстаз рухына тағзым етіп, оның артына қалдырған еселі еңбегі мен жарқын бейнесін құрметпен еске аламыз.

Үлбала ӨТЕПҚЫЗЫ,
ағылшын тілі пәнінің
мұғалімі,
еңбек ардагері



ҚОРШАУДАҒЫ ТӨРТ ТӘУЛІК

Соғыстың отты жылдары алыстаған сайын, сол бір сұрапыл кезеңнің ауыр салмағы мен ел үшін жанын қиған ерлердің ерлігі ұрпақ жадында жаңғыра бермек. Бүгінде майдан даласында от кешкен батырлардың қатары сиреп барады. Алайда олардың есімі мен өнегелі өмір жолы халық жүрегіне мәңгі сақталды. Сондай ардақты азаматтардың бірі майдангер Махамбетжан Сражадинов Сырдария ауданына қарасты Амангелді ауылында дүниеге келген. Ол ел басына күн туған қиын кезең еді. Аштық пен жоқшылықтың тауқыметін көріп өскен бозбала жастайынан еңбекке араласып, маңдай тердің қадірін түсініп өсті. Ауыл тіршілігін ауыр жұмысына шыныққан ол қайсар мінезді, адал да еңбеккер азамат болып қалыптасты.

1942 жылдың ақпан айында Махамбетжан атамыз өз еркімен сұранып, майданға аттанды. Қызылорданың теміржол беткейтін Уфа қаласына жол тартқан жас сарбаз сол жерде әскери дайындықтан өтеді. Кейін артиллерия құрамына қабылданып, жаумен шайқасқа кіреді.

1943 жылдың көктемінде екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы ең шешуші шайқастардың бірі – Курсктегі қанды ұрысқа қатысады. Сол сұрапыл күндердің бірінде оның бөлімшесі жау қоршауында қалып қояды. Төрт тәулік бойы көз ілмей, аштық пен шөлге қарамай, жаудың толассыз шабуылына қарсы тұрған сарбаздардың ерлігі ерен еді. Сәт сайын ажалмен бетпе-бет келді. Бірақ туған жерге деген сүйіспеншілік пен Жеңіске деген сенім олардың жігерін жасыта алмады.

Махамбетжан Сражадинов сол қоршаудан аман шығып, май-

дан жолын жалғастырды. Ерлігі мен батылдығы үшін екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және «Германияны жеңгені үшін», Жуков медалі секілді көптеген марапаттармен наградталды. Бұл – оның Отан алдындағы өлшеусіз еңбегінің айқын дәлелі.

Соғыс аяқталғаннан кейін де майдангер ел ісінен шет қалған жоқ. 1947 жылдың наурыз айында туған жеріне оралған ол ауылды қалпына келтіру жұмыстарына белсене араласты. Ауылдық кеңес төрағасының орынбасары болып қызмет атқарып, кейін Айдарлы мен Амангелді ауылдарындағы астық қабылдау пунктін басқарды. Одан соң «Комсомол» совхозында ферма менгерушісі қызметін атқарды. Қай қызметте жүрсе де, елдің қамын ойлап, адал еңбек етті.

1947 жылы Махамбетжан атамыз тыл еңбеккері Шарапат Хұсайынқызымен шаңырақ көтерді. Соғыс жылдарында тылда аянбай еңбек еткен Шарапат анамыз да Жеңіске өз үлесін қосқан жан еді. Екеуі тату-тәтті ғұмыр кешіп, он бала тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздарының бойына адалдықты, еңбеккерлікті, елге деген сүйіспеншілікті сіңірді.

Ардақты жанның жарқын бейнесі туған-туыстары мен ауылдастарының жүрегіне мәңгі сақталып қалды. Батыр майдангердің гибратты ғұмыры – кейінгі ұрпаққа үлгі, елге қызмет етуге, Отанды шексіз сүйудің өнегесі. Бүгінгі бейбіт өмір – осындай ерлердің жанқиярлығының өтеуі. Сондықтан майдангерлердің ерлігін ұмытпау – кейінгі ұрпақтың қасиетті парызы.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ҰРПАҚҚА ҮЛГІ БОЛҒАН ЕРЛІК

Жылда Жеңіс күні қарсаңында үйдегі өзіннен үлкен апаларыма мұғалімі «Атасы немесе әжесі соғысқа қатысқан оқушылар сол кісілерден сұрап, қысқаша өңгем жазып келіңдер» деп тапсырма береді. Атамның айтқанын мен де тыңдаймын, бірақ толық түсінбеймін, себебі, бар болғаны 5-6 жастағы баламын.

Өсе келе ата-анамнан естіген әңгімелерден есімде қалғаны атам Жүсіпбек Дәулетбайұлының – 1942 жылы майданға аттанғаны, соғыста Брянск бағытында шайқасқан 32-атқыштар дивизиясының 236-атқыштар полкінің автоматшы болғаны.

Кейін тарихты оқи бастағанда ғана естеліктердің терең сырын түсіндім.

32-атқыштар дивизиясы соғыстың алғашқы ауыр кезеңінде Брянск және Батыс майдандары құрамында Мәскеуді қорғауға қатысқан. Жау Мәскеуге ұмтылған шақта, бұл дивизия оның жолын бөгеп, шегіне жүріп, қорғаныс шептерін ұстап тұру үшін жан аямай шайқасқан. Сол құрамда менің атам да болғанын ойласам, жүрегімді бір жағынан мақтаныш, бір жағынан мұң кернейді.

1943 жылдың жазы. Тарихта ерекше орын алатын Курск шайқасы басталды. Бұл екінші дүниежүзілік соғыстағы шешуші кезеңдердің бірі еді. Мыңдаған танк, миллиондаған сарбаз қатысқан қанды шайқас. Осы ұрыстар аясындағы Орлов стратегиялық шабуыл операциясына атам да қатысқан.

Сол жылдың шілде айында ауыр жаракат алды. Қолына минаның сынығы тиіп, майдан даласында қаншама азап шеккен. Ақыры денсаулығына байланысты елге оралуға мәжбүр болды.

Ауылға оралғанда халықтың жағдайы мүшкіл еді. Тылдағы еңбек өз алдына бір майдан болатын. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен аналарымыз бен әжелеріміз күн-түн демей еңбек етті.

Атам жаракатына қарамастан, елдің енесін көтеруге, тұрмысын түзетуге бар күшін салды. Зейнетке шыққанға дейін тынымсыз еңбек етті.

Соғыста көрсеткен ерлігіне сай «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен екі рет марапатталған. Бірақ ол ешқашан өзін батыр ретінде көрсеткен емес. Ерлікті ұрандап, айқайлап емес, керісінше үнсіз жасады. Ендеше атамның ерлігі сөзбен емес, ісімен дәлелденген.

Бүгінгі бейбіт өміріміз, ашық аспанымыз, тәуелсіз еліміз атам сияқты мыңдаған тағдырлардың жанкештілігімен байланысты.

Кейде атам соғыс туралы неге көп айтпады екен деп ойлаймын. Бәлкім, сөзбен жеткізе алмайтын ауыр естеліктер шығар. Өлде бізге соғыстың емес, бейбіт өмірдің қадірін ғындыдығысы келді ме екен?

Ер есімін ұлықтау – ұрпақ парызы.



Бақытжан ЖҰМБАЕКҰЛЫ



Сурет ашық дереккөзден

/// МЕРЕЙ



ІЗГІЛІК ШУАҒЫ

Халқымызда «Үйдің жақсысы ағашынан, баланың жақсысы нағашыдан» деген сөз тегін айтылмаса керек. Себебі нағашы жақтан берілетін қасиет қайткен күнде баланың ой-талғамына әсер етпей қоймайды. Ер-азаматтың арқасүйер бір жұрты ретінде нағашының жолы үлкен. Өз балаларынан бөліп-жармай, қуансаң бірге қуанып, қайғырсаң қасыңнан табылып, әрқашан тілеудің тілеп отыратын нағашыдай қамқоршы жұрт бар ма екен десенші?! Біздің де осындай нар тұлғалы, өмірлік тәжірибесі ұрпаққа үлгі боларлық нағашымыз Малқайдар Дүйсенұлы туралы 75 жас мерейтойында зор ықыласпен айта аламыз.

Мәкеш ағам 1951 жылы 8 маусымда Қазалы ауданы, Майдакөл ауылында елдің ішінде (шаруаның ишаны) атанған Дүйсен көкеміз бен Күнбибі әжеміздің шаңырағында дүниеге келген. Отбасында Ақзия, Үкі, Өміркул апалары мен Бақыт қарындасы бар, бауырмалдық мейірім мен сыйластықта тәлім-тәрбие алған.

«Адамның асыл қасиеттерінің негізі – тәрбие» деген ойдың түбінде ата-ананың ғана емес, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі де жатқан болуы керек.

Әке-шешенің өнегесі бала болмысының өзегін құрайды, ал қалған қасиетті саналы ғұмырында адам сол өзектің айналасында өзі қалыптастырады. Мәкеш ағам да, ата-бабадан келе жатқан ұлы қасиеттерді өзіне дарытып, әрі қарай өз жолымен дамыта білген азамат.

Мектеп бітірген соң ата-анасы жездесі Мұстафа Матайұлы мен апасы Ақзия Дүйсенқызына тапсырып, болашағына бағдар бергенің нәтижесінде Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтынан мал дәрігері мамандығын алып, еңбек жолын Кәукей ауылында веттехник болып бастаған. Қызмет жолында сатылап өсіп, адал еңбектің жемісін көрді. Октябрь совхозында бас мал дәрігері, кәсіподақ комитетінің төрағасы, ферма меңгерушісі, партия комитетінің хатшысы, совхоз директоры қызметтерін абыроймен атқарып, ауылды көркейтуді, экономикалық ахуалын тұрақты сақтауға жұмыс жасады.

Егемендік алған уақытта да елге қызметі үзілген емес, Қазалы ауданы әкімінің бірінші орынбасары болып, ауыл шаруашылығы саласына жетекшілік етті. «Азық-түлік келісімшарт» корпорациясының №6 астық базасының директоры, пошта байланыс торабының басшысы, Әйтеке би кентінің әкімі, АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының басшысы, аудандық ветеринариялық

станцияның директоры болып қызмет атқарып, зейнетке шықты.

Елдің ық жағындағы қаласы, жел жағындағы панасы болған ерлердің ортасында өз орны бар. Қамқорлығы, туған жеріне деген жанашырлығы бұл кісінің азаматтық келбетін аша түседі. Өзі көп жыл басқарған саланың қырсырын менгерген мықты маман, өз қызметінің лайықты сый-құрметін алған абыройы биік азамат. Президенттің Алғыс хатынан бастап, бірнеше медаль мен төсбелгі, облыс әкімінің Алғыс хаттары – елеулі еңбектің жемісі. Елге адал қызметіне сай «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атанды.

Мемлекеттік қызметте жүрсе де қоғамдық жұмыстардан қол үзген емес, аудандық қоғамдық кеңестің, «Алқабилер» тобының, аудандық сот медиациясының мүшесі, «Өнегелі» қоғамдық қорының төрағасы болып белсене араласып жүрді. Зейнетке шыққан соң Қазалы аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары болып та қызмет жасады.

Ағамыз қайсыбір қызметте болмасын тындырдымыз, қарапайым қасиеттерімен ерекшеленіп, көп жылғы іс-тәжірибесінің арқасында кейінгілерге үлгі болып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқаны көпке белгілі. Үлгі тұтарлық өмір жолы – бізге өнеге, тәлім-тәрбие мектебі.

«Балалық шағыңды сағынсаң, нағашыңа бар» деген аталы сөз – нағашы жұрттың мейірімі мен бала кездегі қамсыз күндерді еске салатын терең мағыналы ой.

«Сол күндер есімізде. Мұстафа әжеміздің анасы Айша әжеміз қайтқаннан кейін, ата-анамыз жазда өздері демалысқа кеткенде, мені, Ғабит пен Ғалымжанды Дүйсен көкеміз бен Күнбибі әжеміздің Майдакөл ауылына бір айға жуық уақытқа жіберетін. Көкеміз бен әжеміздің, Мәкеш аға мен Бақытжамал апаның, Бақыт апамыздың бізге деген ыстық ықыласы, қамқорлығы, махаббаты шексіз еді.

Шіліңгір ішлдедегі Майдакөл ауылындағы тынымсыз тіршілік қаладан келген біз үшін өте қызық, аулада қазақты там, киіз үй, мал қора болатын, кешкілік мал оралатын кезде азан-қазан басталатын.

Мәкеш ағамыздың жұмыстан мотоциклмен келгенін асыға күтетін едік. Бақытжамал апаның күнделікті самаурында қайнатқан, ешкінің сүтін қатқан қою шайы, табада жаңа піскен ыстық қазан жаппайы, қолдың майы, кешкі асқа балырап піскен қуырдақ, барлығы біздің балалық шұғалық уымытылмас естелік, тіл үйірет дәм болып қалады.

Нағашыларымыз бізді қонақ күткендей, күн мен шаң тигізбей бір ай бағатын, қазақты тамға қалың төсек салып, үлкен бөлмеде тек үшеміз жататынбыз, қолымыздан кітап түспейтін, ауылда ұйқымыз қанып оянып, тынайып қалатынбыз» деп балалық шақты сағынышпен еске алады Гүлнар Мұстафақызы.

Ғалымжан Мұстафаұлы былай ой қозғайды: «Қазақта «нағашы жұрт балаға ерекше мейірімді болады» деген сөз бар. Біз бұл сөздің мағынасын бала күнімізде Майдакөл ауылында жүріп толық сезіндік.

Ол жақта өзімізді қадірлі қонақтай сезінетінбіз. Күнбибі әжеміз бізге дәмдінің бәрін ұсынуға тырысатын: ең жақсы жілік, жаңа піскен қаймақ, Бақытжамал апа жаңа сауған сиыр сүті, ашытпа – бәрін алдымызға қойып, «өжеп алындар, қарақтарым» деп отыратын.

Дүйсен көкем өте таза, ұқыпты, иманды кісі еді. Сақалы өзіне ерекше жарасып тұратын, күніне бес уақыт намазын қаза етпейтін жан болды. Бізді қасына шақырып алып, басымыздан сипап: «Төре-төре», «Алақай-ай, алақай!» деп еркелетіп, қайта-қайта маңдайымыздан сүйетін. Сол кісілердің шексіз мейірімі мен махаббатын бала көңілімізбен анық сезінетінбіз.

Ең үлкен қуаныштың бірі – балалары «Ақ папа» деп атайтын Мәкеш ағаның жұмыстан келуі. Кешке қарай оны тағатсыздана күтетінбіз. Ол кісі тезірек тамағын ішіп, бізді мотоцикліне отырғызып ауылды аралатын немесе бұлаққа суға алып баратын. Біз үшін ол нағыз саяхат көрінітін. Бұлақтың суына шомылу ыстықта теңізге барғаннан кем қуаныш емес еді.

Кешкісін нағашымыз ауыл клубына кино көруге ертіп апаратын. Ол кезде шалғай ауылда теледидар үнемі көрсете бермейтін. Сондықтан тарентеннен бастап клубта қандай кино болатынын сұрап біліп алып, кешті асыға күтетінбіз. «Транс-пресс», «Калина красная» секілді фильмдерді көргеніміз әлі есімізде.

Сол бір балалық шақтың исі аңқыған күндер қазір жүрекке ерекше жылы сезім сыйлайды. Майдакөлдегі қарапайым ауыл өмірі, Дүйсен көкем мен Күнбибі әженің мейірімі, Мәкеш ағаның қамқорлығы – бәрі біздің жалдымызда мәңгі сақталып қалды. Мұстафа әжеміз кейде менің жүрісіме қарап: «Ғалымжанның жүрісі тура Дүйсен көкесіне ұқсайды екен» деп әзілдеп айтатын. Мұның өзі біз үшін үлкен мақтаныш болатын.

Осындай асыл жандардың тәрбиесін, мейірімін көріп өскеніміз – біздің өмірдегі үлкен бақытымыз.

Осындай фибраты мен тағылымы мол естеліктерге жиеңдері Ботағөз, Ғабит пен Талғат та қосылып, нағашылар ауылындағы балалық шақтың жарқын күндерінің белгісін ұмытпақ емес.

Бүгінде Мәкеш ағамыз – мәуелі бәйтеректей жайқалған үлкен отбасының тірегі, Бақытжамал жеңгеміз бен бір ұл мен алты қызды тәрбиелеп, он төрт немере сүйіп отырған ардақты атам.

Дана халқымызда егде жасқа келсе де, қайратты мінезімен, келісті сұлбасымен, қажырлы ісімен елінің ықыласына бөленіп, тұғырынан таймай, жұртшылықты сүйсіндіріп жүрген жанды «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деп жататыны бар. Бүгінгі күні жетпіс бес деген қазыналы жастың төріне шыққан, адамгершілік, ізгілік, парасаттылық, адалдық сыяқты қазақы тәрбиені бойына сіңірген Малқайдар Дүйсенұлы ағамыз да сүйегі асыл, ізгі мұратты, әділдікті ту етіп көтерген өресі биік тұлға дер едік.

Ғабит МАТАЕВ,
саяси ғылымдар докторы

АЛҒАШҚЫ ЕМДЕУ ОРЫНДАРЫ



1918 жыл. Жаңақорған шипажайының негізін қалаушы дәрігер Ф.Мартюков



Яныкурганское плато 1918г.

Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві қоғамдық-саяси тарихи архиві филиалының қорында Сыр медицинасына қатысты құжаттар жетерлік.

1853 жылы орыс патшасының генералы Перовский Қоқан хандығының бекетін құлатып, әскери бекіністе медициналық лазарет құрған.

Уезд орталығы Перовск тұрғындары бірінші рет арнаулы медициналық көмек ала бастады. Әскери лазарет медициналық лазарет болып қайта құрылды. 1906 жылы лазарет кеңейтіліп, телімдік шипахана (лечебница) ашылды.

1908 жылғы 18 қыркүйектегі кеңес отырысында Перовск әскери ауруханасының ғимаратын қайта жөндеуге қаражат бөлуі қарастырылып сұраған хат Түркістан генерал-губернаторына жолданған, хат мәтіні архивте сақталған.

Өзбекстан Республикасы Ұлттық архивінің көшірмесі алынған тарихи құжатта Сырдария облысының әскери губернаторына Түркістан генерал-губернаторына жолданған Перовск уезі бастығының 1913 жылғы 4 ақпандағы №417 рапортында Перовск қаласында және уезде шешек (оспа) ауруы пайда болып, эпидемиялық сипат алғаны жазылған.

Бүкіл уезде бар болғаны екі шешекке қарсы егуші (оспопрививатель) бар, олар ауру тараған халықты қамтуға физикалық тұрғыдан үлгермеген. Осыған байланысты уезд бастығы ем-дом көрсететін қызметкер санын көбейтуді немесе басқа уездерден уақытша шақыртуды сұрайды.

1918 жылы Жаңақорғанда балшықпен емдейтін курорт ұйымдастырылып, оның негізін дәрігер Ф.Мартюков қалады. Архив қорында фотосы және емдеу орны ошақтарының көрінісі сақталған. 1916-1917 жылдары бұл жерге Ахметш таласының теміржол ауруханасынан Наумов, Готлип және Костенко деген фельдшерлер келген. Олар көлдің емдік қасиетін зерттеп, балшықтың үлгісі мен рапасын Ташкент қаласына жіберген. Ауруларға тәртіп орнатылып, емді қабылдау уақыты қалыпқа келтірілді және балшықты күн сәулесіне қыздыру бақылауға алынды. Түркістан теміржол ауруханасының дәрігері Ф.Мартюковтың бастауымен 1918 жылы мұнда алғаш рет шипалдан шағын үйшіктер салынды. Бұл Теріскен өзенінде балшықпен емдеу курортын ұйымдастыруға негіз болды.

Теріскен көлі балшығының қасиеті Орта Азияның теміржол ауруханасының жоспарланған кезде, яғни XIX ғасырдың 90-жылдарында белгілі бола бастады. Экспедиция жұмысшылары жаздың ыстық күндерінде адамдар түрлі аяқ және кол сырқаттарын емдеу үшін көл жағасына келіп, киіз үйлер тіккеніне баса назар аударған. Жергілікті тұрғындар ғасырлар бойы балшықпен емделіп, ауруларынан айыққаны белгілі болды. Олар көл жағалауынан үлкен ор қазып, күн қызған кезде оларды балшықпен толтырып ванна ретінде пайдаланған. Бұл емді жыл сайын қайталап отыраған.

Зерттеулер нәтижесінде 1919 жылдың 14 ақпанында Перовск қаласы халықтық денсаулық сақтау бөлімінің мәжілісінде комиссия мүшелері Гейнч, Наумов, Клементьев, Добияш, Трезеп, Рябицкий және атқару комитетінің мүшесі Костенконың қатысуымен Жаңақорғанда балшықпен емдеу курортын ашу туралы шешім қабылданды.

1920 жылдан санаторий балшықпен емдеу курорты ретінде тұрақты жұмыс іс-

тей бастады. 1925 жылы курорттың өзінде су құбыры, рентген кабинет, лаборатория болды.

1941-1945 жылдары санаторий жаралыларды емдеуге арналған госпитальге айналды. 1943 жылдың 23 ақпанында арнайы аурухана дәрігерлерінің ғылыми конференциясында Теріскен көлі балшығының құрамы, қасиеті, ағзаға әсері, сондай-ақ ағзаның реакциясы, емдеу типтері, суықтан үсіген денені балшықпен емдеудің сегменттік әдістері талқыланды. Дәрігер Богословский өз сөзінде балшықпен емдеу нәтижелеріне тоқталды, әсіресе, остеомиелит ауруының операциядан кейінгі емделу барысындағы жақсы нәтижелеріне назар аударды. Дәрігер Небесова арнайы ауруханадағы бұлақ суы және бұл түскен асқазан-ішек ауруларына жақсы әсері туралы әңгіме қозғады. Қорытындылай келе, дәрігер Тарасов жаңадан келіп түскен науқастардың дереу жан-жақты тексерілетіні және медициналық қызметкерлер мен дәрігерлердің ынталы қызмет атқаратыны туралы айтты. Сонымен қатар Қырым медициналық институтының ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен ай сайын Қызылорда қаласында ғылыми конференциялар өткізу жайлы шешім қабылданды. Қырым медициналық институтының мамандары облыстық денсаулық сақтау бөлімінің ғылыми жұмыстар мен конференциялар өткізу үшін аурухананы қажетті медициналық кітаптармен қамтамасыз етуді сұрады.

Арнайы санаторийде 1944 жылы ем алған 1300 аурудың 1083-і толық емделіп, денсаулығын жақсартқан. Соғыс жылдарында елімізді жаудан қорғағандар санаторийде денсаулығын түзеп, ризашылық білдірді.

Осылайша, 1947 жылы Жаңақорған санаторийінде емделушілер мен персоналды құнарлы тамақпен қамтамасыз ету үшін қосалқы шаруашылық құрылған. Бұл шаруашылықтың негізгі бағыты – көкеміз өсіру, суғ және ет өнімдерін шығарумен бірге, өз наубайханасында нан өнімдерін өндірген. Мәліметтерге қарағанда, осы жылдары санаторийде 100-ге жуық қызметкер жұмыс істеген.

1954-1960 жылдары негізгі емделушілер соғыс мүгедектері болған. Басында санаторий КСРО Теміржолдары министрлігінің қарамағында, кейін денсаулық сақтау жүйесінің құрамына енді, ал 1960 жылдан кәсіподаққа қарайтын болды.

Архив қорында Жаңақорған шипажайына соғыс жылдары эвакуацияланған госпитальдарды орналастырғаны, жауынгерлер жан сақтаған бірден-бір емдеу орны болғаны туралы дерек бар. 1941 жылы 16 қазандағы облыстық комиссия отырысының хаттамасында жазылған. Қызылорда қаласында 1500 адамды қамтитын эвакогоспитальдарды орналастыру жөнінде шешім қабылдаған. №1 госпиталь 80, №2 госпиталь 170 және Жаңақорған госпиталына 200, жалпы 400 адамды қамтыған. 1941 жылы №3980 Жаңақорған балшықпен емдеу курорты базасында құрылған эвакогоспитальдің күніне 255 жаралы әскериді қабылдағаны туралы ақпарат архивте сақталды.

Дана ҚАЛТАЕВА,
Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві қоғамдық-саяси тарихи архиві филиалының бөлім басшысы

Газетіміздің келесі саны 16 мамыр, сенбі күні шығады.

ДЕР КЕЗІНДЕ ЖЕТКЕН КӨМЕК

Қызылорда қаласында полиция қызметкерлерінің жедел әрі үйлесімді әрекетінің арқасында денсаулығы күрт нашарлаған 5 айлық нәрестеге дер кезінде медициналық көмек көрсетілді.

Оқиға былай болған: 7 мамыр күні сағат 13:24 шамасында Қызылорда қаласының тұрғыны 5 айлық қызының кенеттен құрысып қалғанын айтып, тәртіп сақшыларынан көмек сұраған. Сол сәтте қызмет атқарып жүрген қалалық полиция басқармасы қоғамдық

қауіпсіздік бөлімінің учаскелік полиция инспекторлары, полиция аға лейтенанты Мұхтар Абиомолдаев, Шахмардан Нұржанұлы және полиция капитаны Рахымжан Жұмаділдаев дереу әрекет еткен.

Жағдайды лезде бағамдаған тәр-

тіп сақшылары қызметтік автокөліктерінің арнайы жарық және дыбыс белгілерін қосып, ерлі-зайыптыны нәрестесімен қалалық ауруханаға жеткізген. Олардың шұғыл әрекеті нәтижесіз қалмады. Нәресте дер кезінде дәрігерлердің қарауына жеткізіліп, қажетті медициналық көмек көрсетілді. Қазір оның жағдайы тұрақты деп отыр дәрігерлер.

Қызының өміріне араша түскен

полиция қызметкерлеріне, сондай-ақ Қызылорда қалалық ауруханасының дәрігерлері мен жедел жәрдем қызметкерлеріне және балалар ауруханасының медицина мамандарына ата-ана шынайы алғысын білдіреді.

Қиын сәтте жылдам көмекке келіп, жанашырлық танытқан азаматтарға алғысымыз шексіз. Қызымын өміріне бейжай қарамай, жауапкершілікпен қол ұшын созған барша жан-

дардың еңбегін ұмытпаймыз. Отбасыларыңызға амандық, ел тыныштығы жолындағы қызметтеріңізге табыс пен береке тілейміз, – дейді ата-анасы.

Бұл оқиға тәртіп сақшыларының тек қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген жағдайда азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға әрдайым дайын екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboiy.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.